

**2014 жылғы 13 қазанда өткен «Мектеп оқушыларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету проблемалары мен мәселелерін шешу туралы» тақырыбындағы
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Б. Сәрінжіповтің «Мектеп оқушыларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету проблемалары мен мәселелерін шешу туралы» баяндамасын тыңдап және талқылай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1. Оқушыларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен (ОӘК) қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнаманы, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша мынадай шаралар қабылдасын:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл пәндер бойынша, барлық сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер мазмұнын әзірлеу;

пайдалануға рұқсат етілген, баламасыз (бүкіл пәндер бойынша және барлық сыныптарға арналған) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін қалыптастыру және бекіту;

өңірлердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттіліктерін болжаудың бірыңғай әдістемесін дайындау және бекіту;

білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету тәртібін бекіту;

білім беру ұйымдарының кітапханаларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қорландырудың бірыңғай қағидаларын дайындау және бекіту;

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындауға және жеткізуге арналған үлгілік шарттың нысандарын бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құзыретін нақтылау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындасын;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына атқарушы органдардың білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен уақтылы қамтамасыз ету жөніндегі құзыретін нақтылау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындасын;

3) білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен уақтылы және толық қамтамасыз етпегені үшін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету процесіне қатысатын

тұлғалардың (орталық және жергілікті атқарушы органдарды қоса алғанда) әкімшілік жауаптылығын заңнамалық тұрғыдан бекітсін;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 қаулысына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сараптамаға дайындау және оларға сараптама жүргізу, сынамалау, сондай-ақ мониторинг жүргізу және басып шығару кезеңдерін, мерзімдерін нақтылау, оның ішінде оқулықтарды сараптамаға қабылдау мерзімін 6 айдан бастап 3 айға дейін қысқарту бөлігінде өзгерістер енгізсін;

5) Білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларында – оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін болжау, ақпарат жинау, мемлекеттік сатып алуды өткізу (субъектілердің біліктілігі мен тәжірибесін ескере отырып), сақтау және жеткізу кезеңдерін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді өткізу рәсімін ескере отырып, 1 қазанға дейін – бұйрықты қабылдау мерзімдерін, ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейін – шарт жасасуды, ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін – оқулықтарды басып шығаруға шарттар жасасуды; ағымдағы жылғы 15 тамызға дейін – білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жеткізуді қоса алғанда, бүкіл процесті регламенттесін;

6) білім беру ұйымдарының кітапханаларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қорландырудың бірыңғай қағидаларында – кітапхана қорларын толықтыру, жаңартып отыру, сондай-ақ кітапхана қорларынан тозған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді алып қою тетіктерін айқындауды көздесін. Кітапханалардың кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету шаралары жөнінде нормативтік құжаттар дайындасын;

7) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау баспасымен жасалатын үлгілік шартта – міндетті түрде жеткізу және көрсетілетін қызметтердің әрбір кезеңі бойынша мерзімдер көзделсін;

8) оқулықтарды сараптау және сынамалау нәтижелерін қарау жөніндегі республикалық комиссияға оқулықтарға жүргізілген мониторинг негізінде пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесінен жекелеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді алып тастау жөніндегі құзыретті берсін;

9) санитариялық-гигиеналық нормалар мен қағидаларды қатаң сақтай отырып, оқулықтардың көлемі, қағаздың сапасы, түптеуі бойынша бірыңғай стандартты жаңарту мәселесін пысықтасын.

2. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару және оларды жеткізу бойынша әлеуетті өнім берушілерді айқындау кезінде жергілікті атқарушы органдармен шарт жасасу қағидаттары және тетіктері, рәсімін оңайлату жөнінде ұсыныстар дайындасын.

3. Мектеп кітапханаларының пайдаланылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді оқушылардың ата-анасынан сатып алу тетігі туралы мәселені пысықтасын.

4. Жыл сайын өңірлерді оқулықтармен қамтамасыз етуге мониторинг жүргізсін және жауапкершілік деңгейлері бойынша, оқулықтарды сатып алуды жоспарлаудан мектепке беруге дейін оқулықтармен қамтамасыз ету жүйесіне талдау жасасын.

5. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді коммерциялық сату желісін кеңейту мәселесін пысықтасын.

Жергілікті атқарушы органдар:

1) білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етудің бірыңғай тәртібіне сәйкес қамтамасыз етуді жүзеге асырсын;

2) бірыңғай әдістемеге сәйкес, оның ішінде халықтың көші-қоны мен өсімін ескере отырып, бюджет қаражатының көлемін жоспарласын;

3) білім беру ұйымдарының қажеттіліктерін ескере отырып, жергілікті бюджеттен толық көлемде қаражат бөлуді жүзеге асырсын;

4) білім беру ұйымдарының кітапхана қорларын түгендеуді жүргізсін;

5) оқулықтардың автоматтандырылған өңірлік дерекқорын құру мәселесін пысықтасын, мүдделі тұлғалардың оған қолжетімділігін қамтамасыз етсін;

6) оқу процесін ұйымдастыру үшін қажетті, ата-ана қаражатынан сатып алынатын оқушыларға арналған материалдардың (жұмыс дәптерлері, үлестірмелі дидактикалық материалдар, хрестоматиялар және т.б.) тізбесін оңтайландырсын. Материалдар тізбесі туралы ата-анаға уақтылы (оқу жылының соңында) хабар беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

7) оқу жылының басталуына жаңа білім беру объектілерінің әзірлігі актісіне оқушылардың оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі туралы тармақ енгізсін;

8) мынадай:

оқулықтарды қайта басып шығару графигіне сәйкес оқулықтарды кезең-кезеңмен жыл сайын 100 % сатып алу арқылы жергілікті бюджет қаражаттары есебінен 2015 жылға қарай барлық оқушыларды тегін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендерімен толық қамтамасыз ету жөнінде;

білім беру ұйымдары беретін қажеттіліктер туралы деректер негізінде тапсырысты сапалы қалыптастыру жөнінде;

жарамсыз болған не кітапхана қорларынан алып қоюға жататын оқулықтардың іс жүзінде тозуын жабуға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражатты ұлғайту жөнінде шаралар қабылдасын.